

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

II том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

A 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған
(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

Ғылыми-редакциялық кеңес:

Ж. Дәдебаев (*торага*), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәлібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарапқ,
А. Темірболат, Ж. Тілегөв, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (*хатшылар тобының
жетекшісі*), И. Әзімбаева (*жауапты хатышы*), Ә. Жапарова (*хатышы*)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *К.К. Мәдібаев*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Құрастырылған, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ә. Тарапқ*

A 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. II том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарапқ; жалпы ред баск. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 264 б.

ISBN 978-601-04-1283-5

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сөз» толғауымен ашылған. Екінші томға абайтану саласында 1940 жылдан 1960 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан өткен, ғылыми және тағылымдық маңызы үлкен еңбектердің таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жогары сыйып окушылары мен жогары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көшілікке арналған.

II томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық өлеуеттің артуына, қоғамдық санаудың дамуына ықпал етеді.

Том 3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнараалық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1282-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

Қалижан Бекқожин

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫң ҰЛЫ АҚЫНЫ

Ақын Абай – совет халықтарының өткендеңгі әдебиет данышпандарының бірі. Оның есімі кешегі Пушкин, Лермонтов, Щевченко, Руставели, Низами, Новаи сияқты ұлы ақындардың есімімен қатар түседі, оның шығармаларының өлеуметтік, көркемдік қуатының маңызы зор.

Абай – біздің халқымыздың мақтанышы, оның бізге қалдырыған мұрасы – социалистік мәдениеттің игілігі. Оның көркем шығармалары әрі әсерлі, әрі терең мазмұнды, пікір сергіту азығы, әрі тәрбиесі – осы қасиеттері арқылы да біздің заманымызға Абай шығармалары қызмет етеді. Оның ақындық құсы мәңгі ұмытылмайды.

Пушкин туралы Белинский былай деді: «Пушкин мәңгі жасай береді, ол ілгері қарай өрлей береді, ол өзі опат болып қалған орнында тұрып қалмайды, ол әрбір қоғамның санасында өсіп өрлей береді». Абайға да осынын айтуға болады. Абай біздің санамыздан орын алып, бізben бірге жасасып отыр.

Қазақ халқы Абайдың атын ардақтап, оның туғанына 95 жыл толғанын мерекелеп отыр, қазақ үкіметінің арнаулы қауалысы бойынша 1945 жылы оның 100 жылдығын өткізеді.

* * *

Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы 1845 жылдың 10 августында (жылан жылы) туды. Абайдың туған жері – Семей облысының Шыңғыстау ауданы. Абайдың руы – тобықты. Әкесі Құнанбай сол тобықтының рубасы, шонжары, шешені болған. Құнанбай шешендікпен бірге әкімшілікке ие болып, жүртқа әкіммен атағын шығарған, ол аға-сұлтандардың атағына ие болады. Ол ескі рухшылдық, феодалдық дәстүрді мақтап сақтаушы, ислам шариғатын сыртқа уағыздаушы ескішіл адам болды. Қазақ арасынан ең алғаш Меккеге барып, қажылық құрған – осы Құнанбай.

Абай өзінің балалық шағын осындай қатыгез әкенің қолында, сол билеген сүреңсіз ауылда өткізді. Әке тарапынан мейірімділік көрмеген Абай, шеше тарапынан мейірімділік тапты. Абайдың балалық ермегіне жол беріп өсірген сияқты анасы Улжан

бәйбіше және өжесі Зере болды. Үлжан бәйбіше атақты жерден шыққан. Оның арғы атасы Қаз дауысты Қазыбек – шешендік пен Орта жүзді аузына қаратқан, өз туысы Қонтай, Тонтай дегендер – қара кесектің белгілі ділмәрі. Осы Қонтайдың жұрт аузында мынадай сөзі аңыз болып қалған: Қонтай көп ауырыпты. Қожа-молдалар оның «көңілін» сұрап күнде келе беретін болған соң Қонтай: «Жазыла-жазыла қожа-молдалардан да үят болды, енді өлмесе болмас», – депті. Үлжан бәйбіше ақылды, парасатты болған, Абай мейірімді анасының бауырында есті, оның үстіне көпті көрген көне өжесі Зере қазақтың өнгіме-ертеғілерін айтып, Абайдың ой-қиялын тербететін болады.

Абай жас күнінде (12-ге шейін) ауылда оқыды. Хат танып, кітап оқуды үйренді, өзінің зеректігі арқасында, аз оқыса да көп тоқыды. Баласы Абайдың ынта-талабын сезген Құнанбай, баласынан өзіне пайда келетінін үміт қүтіп, окуға береді. Абай 12 жасынан бастап, Семейдегі Ахмед-Риза молданың медресесінде оқыды. Медреседе оқып жүріп, Абай 3 айдай орыс мектебінен өзі тіленіп сабак тыңдайды.

Екі жылдан кейін, 14 жасқа жеткен соң өжесі Құнанбай Абайды ауылға қайтып өкетеді, сол кеткеннен Абай қайтып мектеп бетін көрмейді. Ауылға келгесін Құнанбай жас Абайды өз ісіне қолғанат етпек болады, өкесінің қатал мінезіне, өділетсіз қылықтарына наразы болған Абай, өкесіне жәрдемші болудан бас тарқысы келсе де, ел ісінің қиянкескі тартысы оны бұл іске еріксіз тартады, өділетсіздік пен мағынасыз тартыстармен, надандықпен күресу үшін Абай жастай-ақ өлеумет ісіне араласып кетеді, болашақ ұлы ақынды тағдыр өуелі осындай шырмауыққа тап қылады. Бірақ Абай ел тартысына араласқанымен, өжесі Құнанбайға үқсан, қара-дөкір кеудемен, өкім күшке сүйенбейді. Абай өзінің рухани қасиетімен, дарындылығымен жұрт көзінے түседі. Медреседен алған білімін орістетіп, кітап оқитын болады. Ол араб, парсы, түрік тілдерін жақсы білетін болады, сол тілдер арқылы мұсылман шығысының тарихымен, мәдениет-әдебиетімен танысады. Өзінің табиғи дарындылығы арқасында Абай шығыс мәдениетін білгіш адам болады. Ол бүкіл өлемге аттары шыққан Фирдауси, Сағди, Физули, Новаи, Низами сияқты данышпан ақындардың шығармаларын оқып, көңіліне токитын болады, Шығыс ғалымдары – Абұлғазы,

Ұлықбек, Әбуғалисиналардың өмірімен танысады. Олардың шығармаларындағы әділеттілік, адамгершілік пікірлер жас Абайдың ой-қиялышың өзгеше қалыптана бастауына көп өсер етті.

Алайда Абай ол кезде ақындық жолын қуа алмады, ел ісінің шырмалып жатқан істері, дау-шары ақындықтан гөрі шешендік, билік құруға бұрып өкетті. Абайдың бала кезінде шығарған өлеңдері ете аз, бірлі-жарым эпиграмма мен қызға жазған сөлемдемелері ғана болмаса, бала кезде шығарған өлеңдері көп сакталмаған.

Абайдың 20 жасынан бастап даңқы шыға бастады, оның аты бүкіл қазақ сахараасына жайыла берді, оның атағы әкесі Құнанбайдан аса берді. Сол кездегі ел билегендегі мен ел қайраткерлірінің ішінде Абайдың тұлғасы ерекше болып көзге түседі.

Абайдың атағы шығып, ұлылық мәртебесі өсіп, ел ішінде қадірі асса да, ел ісінің жуандары, атқа мінер қулары, болыс-билирі, қожа-молдалары, қысқасы, бүкіл кертартпа қауым болып, Абайдың сонына түседі. Абайдың әділетсіздігі турашылдығы, ескі әдет-ғұрыпка қарсы келетіндігі – ескішілдерге, феодалдық-ақсақалдық ғұрыпты дәріптеушілерге ұнамайды. Абайдың олармен арасы ашыла бастайды. Алдымен, Абай өз әкесі Құнанбаймен қиғаш түсіп отырады. Әкесі Құнанбай Абайды «сен құл-құтанға үйірсің, сен орысшылсың» деп сөгетін болған.

Әділдікті, турашылдықты көзден, өлеумет ісіне араласқан Абай кертартпалыққа қарсы тартысқа түседі, сол кездегі қыын съездерде аты шұлы болыстармен Абайдың қарсыласып қалатын кездері көп болған. Айтис-тартысқа келгенде, Абай оларды ылғи жеңіп шығады. Пейілі бұзық алаяқтар бір ретте Абайды өлтірмек болып, жылылып келіп Абайды сойылға жығады, бұлар 1870 жылдары Абайды қаралап, сот алдына жауапқа тартқызады. Абай өзінің ақиқатшы откір тілі арқылы атқа мінерлерді масқаралап, айыптан ақталып шығады. Абайға өштескен ел ішінің атқа мінер жуандары Абай үстінен өсек айтады, жала жабуды тоқтатпайды. 1885 жылы Қарамола деген жерде съезге жандарал келеді. Жандарал Абайды шақыртып алып, тергеуге алғанда, Абай оның сұрауына әділ жауап беріп, сөзден ұтады.

Жас кезінде аздап оқыған орысшасын жетілдіріп, өз бетінше орысша кітаптар оқытын болады. Мәдениет зауқын құрып, аулы-

на өнші-күйші ертегіші-жыршыларды жинаиды. Қазақ әдебиетін, қазақ тарихын жадына көбірек тоқып, шығыс әдебиетін, орыс әдебиетін жаразтыра түседі.

Абай Семей қаласында Ресейден жер ауып келген Горсс, Михаэлис, Долгополовтармен танысады. Бұлар – Ресейдегі өлеуметтік қозғалысқа (60-жылдары) белсene қатысқан адамдар. Бұлардың ішінде орыстың атақты бұқарашиб революционер жазушысы Чернышевскиймен пейілдес болып, соның шәкірті болғандары да бар. Әсіресе Михаэлис үлкен ақыл иесі ғалым, заманындағы алдыңғы қатарлы ашық пікірлі адам болған.

«Михаэлис аса үлкен личность еді, ол ғылымға берілген жаһынды және зор ақыл иесі адам еді... Ол орыс қоғамының белгілі бір бөлігінің ой-пікірі мен ақыл-парасатының есуіне көрнекті түрде себепкер болды» («Императорлық география қоғамының Батыс Сібір бөліміне қарайтын Семей бөлімшесінің жазбалары» деген кітаптың VIII шығармасы. – Семей, 1914).

Михаэлис сияқты адамдармен дос болуы Абайдың ой-пікіріне жана жол ашты. Михаэлис Абайдың үстазы сияқты болды. Қазақ арасынан шыққан Абайдың үлкен ақыл иесі және тамаша ақын екендігін сезген Михаэлис, шын жүргімен оған достық ақыл айтады. Ресейдегі жаңашыл пікірлерді насиҳаттады. Абай орыс әдебиетін, Батыс әдебиетін оқуға кіріседі. Абай Пушкинді, Тургеневті, Лермонтовты, Некрасовты, Белинскийді, Добролюбовты, Крыловты, Толстойды, Писаревты, Салтыков-Щедринді, Достоевскийді, сол сияқты орыстың басқа жазушыларының да шығармаларымен танысады. Орыс халқының сол кездегі алдыңғы қатарлы ой-пікірлерімен таныстырғандығына риза болып, Абай Михаэлисқе өле-өлгенше алғыс айтып кетті. «Дүниеге көзімді ашуга үлкен себепкер болған кісі – Михаэлис», – деп айтты Абай кейін Михаэлис туралы. Абай жер жүзі әдебиетімен таныса бастады. Сократ, Платон, Аристотельдермен танысты. Спенсердің «Тәжірибелерін», Линостің «Позитив философиясын», Дрепердің «Еуропаның ақыл-ой жағынан есуі», Чернышевский шығарған «Современник» журналындағы мақалаларды Семей кітапханасынан оқып шығады. Абай Семей кітапханасынң тұрақты оқушысы болып кетеді. Сібірге жер ауып келіп, Семейге жиналған орыс оқымыстыларының талабы бойынша, Семей кітапханасы кітапқа бай орынның бірі болады.

Бұл жөнінде Семейге келіп, біраз уақыт тұрақтаған Американың саяхатшы журналисі Джорж Кеннен бұл кітапханада жер жүзіне аты әйгілі философтар мен ақын-жазушылардың шығармаларының көптігін айтып қайран қалады. Сол Джорж Кеннен Семей кітапханасының жақсылығын айта келіп, сол кітапханадан кітапты оқи беретін Абайға ғажаптанып былай дейді:

«— Ол кітапханадан қазақ екеш қазақ та пайдаланады. Мен қазақтың бір қариясы Ибраһим Құнанбаев дегенді білемін. Ол кітапханаға барып қана қоймайды, ол Милль Бокл және Дрепер сияқты авторларға дейін оқып отырады.

— Сонымен, Семейде Милль, Дреперлерді де оқып, түсінуге өлі келетін қазақтың болғаны ма? — деді маған таңданған студент.

— Сіз сенерсіз деймін, ол жолығысымен-ак, маған индукция мен дедукцияның айырмасы не деп сұрақ қойды, мен оған қайран қалдым. Оның ағылшын философтарын байыптап оқып, біліп жүргеніне және аты аталған авторлардың бәрін оқығандығына кейін көзім жетті. Дрепердің «Еуропаның ақыл-ой жағынан өсүі» жөнінде мен оны екі кеш сынадым, оны түсінгендігіне көзім жетті («Сібір және айдалу», орыс тіліне аударылып, 1906 ж. Петербургте басылған. I том. – 140-бет).

Сойтіп, Абай сол замандағы қазақ арасынан асып шыққан аса білімді, ақылгой адам болды. Білім, ақыл-ой, парасат жағынан және ақындық жағынан Абайға пар келетін ол заманда, одан соң да ондай ақын қазақ даласында болған емес. Қазақ түгіл, сол кездегі көршілес шығыс елдерінде де Абай сияқты зор білімді ақылгой, ескішілдікке қарсы шыққан әлеуметшіл қайраткер кемде-кем.

40 жасынан былай қарай Абай өлең жазуды қобейте бастайды. Әлеумет тартысына өлең, әдебиет арқылы қатысады өбден мойындалап кіріседі. Сойтіп, жүрек сырын өлеңмен шертеді. 40 жасына дейінгі азды-көпті өлеңдері біреу арқылы айтылып келеді, Көкбай атынан сол кездегі Омбыда шығатын «Дала уәлятты» газетінде де басылып жүреді. 40 жасынан бастап Абай өлеңді өз атымен шығарады. 40 жасқа келгенде жазған «Жаз» деген өлеңінен былай қарай қазақ даласы бұрынғы шешен, ділмар, ақылгой Абаймен жарыса шыққан ақын Абайдың дауысын естиді.

Абай қалған өмірінің 20 жылын ақындық, жазушылық іске және өз бетімен білім алу ісіне жұмысайды. Өз жанынан шы-

ғарған өлеңдерінің үстіне орыс әдебиетінің атақты классиктерін қазақшаға аударады. Пушкин, Лермонтов шығармаларын ең алғаш қазақ халқына таратады. Абайдың шеберлігімен сұлу болып аударылған Пушкиннің «Онегин, Татьяна хаттары», Лермонтовтың «Ой», «Желкем», «Теректің сыйы», тағы басқа шығармалары қазақ халқының өз тума өлеңіне үқсап, ауыздан ауызға тарап кетеді.

Абай өзінің сол шығармаларында ел жеріндегі жауыздықты, оны тудырушы болыс-старшын, атқамінер қуларды көбірек сынады. Патша өкіметінің өкімдеріне наразылықты қүшайте берді. Сол себептен де Абайға деген шабуылды, өсек-жалаңы атқамінер өкімдер көбейте берді. Семей жандаралына «Абай ақ патшаға қарсы үтіт айтты» деген арыздар да жауып жатады. Семейдің генерал-губернаторы, полицейлері патша өкіметіне қауіпті адам деп Абайды айрықша бақылауға алады. Саяси іспен айдалып келгендерді үйіне паналаттың, олармен дос болдың деп Абайдың үйіне тінту жасағандары да болған. «Дала уәлятты» газетінде «Абай ата жолын күмады, бұзылды» деп мақала басылды.

Осындай пәлелі қауымнан түңіле бастаған Абайға ауыр қазалар тап болып, жаралы жанын онан сайын улата түседі. 1895 жылы білімді және аса талапты баласы Әбдірахман қайтыс болады. Әбдірахман Тюмендегі реальный училищенні бітіріп, Петербургтегі Михайлевский артиллерия мектебінде оқып жүргенде қайтыс болады. Өз халқы үшін, келешек үшін үлкен қызмет істейді деп зор үміт күткен баласының өлімі Абайды қалайда жасытады. Осы қайғыда жүргенде, 1904 жылы Абайдың сүйекті перзенті Мағауия қайтыс болады. Мағауия олгеннен кейін, 40 күндей еш пенден тілдеспей, өзімен өзі болып, барлық қайғысын жеке жинайды. Ұлы ақын 23 июньде дүниеден сапар шегеді. Мәшхүр Жұсіп Көпееvtің қолжазбасында Абайдың өлімі туралы мынандай ескерткіш бар: «Ибрагим Құнанбайұлы Мағауия деген баласы өлгеннен кейін, 40 күн қайғырып отырады, Мағауияның қырқын бергеннен кейін, мына сөзді айтып, жан тәсілім қылады:

Жұзғе келген қариядай,
Халықтың қамын ойлаған.

Сәулем еді көзіме,
Жанған оттай жайнаған.
Дүние қалай тар едің,
Мағашымды қоймаған ...

Қапылдықта журупші ем,
Ұсындым хакқа мойнымды.
Атам-анам – қара жер,
Аша бер, кірем, қойныңды.
Күнәлайым көп, корқамын,
Жарылқа жалғыз орнымды, –

деп өтіп кеткен».

* * *

Абай өз заманын аума-төкпе заман деп атады. Абай заманында қазақ халқының жай-күйі өзгеше қалыпқа түсे бастайды. Бұл кезде патша өкіметі қазақ елін өзіне бағындырып алған еді. Ресейдің отаршылық әрекетіне қарсы жасалған ұлттық-азаттық көтерілістер қырғын жосынға үшырап басыла қалған еді. Қазақ елін орыс отаршылдары жайлап алғып, Ресей тілегіне сай келетін өзгеше тәртіптер жүргізе бастайды. Қазақ даласындағы бұрынғы феодалдық-ақсақалдық тәртіптерді Ресей үкіметі өз тілегіне сәйкес қайта құрып, оған жаңа өң, жана жол береді. Феодалдық-ақсақалдық дәстүрлерді де ауылдағы бұрынғы қожалық-білік тәртіпті түр жағынан ғана өзгертіп, бұрынғы үстемдік қалыпты күшите түседі. Қазақ даласының тағдыры даладағы патша чиновниктері мен ауылдағы болыс старшындарының қолына көшеді.

Осындай аума-төкпе заманға кез болған Абай шығармаларында жоғарғы айтылған жайлардың шындығы айқын корінеді. Бұл өлеуметтік жағдайлар Абай шығармаларындағы өлеуметтік мотивтерді туғызды. Қазақ ауылдындағы қым-қиғаш шиеленіс-кен мәселелерге байланысты Абай шығармаларында қателіктер де жоқ емес, бірақ оған қарап Абайға екі үшты баға беруге болмайды. өз шығармасында әрі ескіні сынау сарыны, әрі кейір «жаңалық» деген жайларға қарсы сын тағу сарындары дүниедегі ұлы жазушылардың көбінің басында бар. Советтік әдебиет зерттеу ғылымы мұндан жазушыларға кейінгі кезде марксистік баға бере бастады. Мысалы, ағылшынның ұлы жазушысы Шекспирді алайық: көп уақытқа дейін бір топ сыншылар: «Шекспир

буржуазияшы жазушы, өйткені ол өзінің көп шығармаларында феодалдық қарым-қатынасқа қарсы шығады», – деді. Ал екінші біреулері: «Шекспир ескіні аңсауши, феодалдық жазушы, өйткені ол бірсыныра шығармаларында буржуазиялық жаңа тәртіптерді қатты сынады, жаңа ағымнан шошынады, – дейді. Шынында, Шекспир шығармасында осы айтылған екі сарынның екеуі де бар. Бірақ Шекспир не байшыл, не феодалшыл жазушы болып шыққан жоқ. Совет өдебиет ғылыминың зерттеу нәтижесі бойынша, Шекспир – сол екі тәртіптің екеуіне де қарсы шыққан кісі. Мұндай жайды Байронның да, Пушкиннің де, Лермонтовтың да шығармасынан кездестіруге болады. Тап осы жай Абай шығармаларында да бар. Абай шығармасындағы түрлі астарлы сарындарды түсіну үшін сол кездегі тарихи шындықты, халық өмірін жақсы білу керек. Ал Абай шығармалары сол кездегі дәуірмен, қазақ халқының басындағы ауыртпалық күйлермен тығыз байланысты. Қазақ халқының феодалдық ескі салт-санадан, кертартпа шырмаудан құтқару мәселесі, қазақ халқының мәдениетін өркендешту, отаршылдық-чиновниктік қысымнан құтқару, әділеттік-тендік мәселесі қазақ халқының келешек тағдыры үшін сол кездегі тарихи маңызы зор мәселелер еді. Осындай тарихи шешуші мәселелердің бәрі де Абай шығармаларында кеңінен қамтылып, әбден айқын көрсетілген.

Абайдың әлеуметтік ой-пікірі осындай тарихи жағдайларға бірден байланыса шықса, екінші жақтан, Ресейдің сол тұстағы әлеуметтік ой-пікірі қозғалысының да көп өсері болды. Әсіресе өзі ұстаз тұтқан Пушкиннің гуманистік пікірлері мен Лермонтовтың тұсындағы заманға деген қарсылық, наразылық және торығушылық сарындары, Салтыков-Щедриннің, Толстойдың екіметті, әкімшілікті, дін-шіркеуді сынай, мінез сарындары көп ықпалын тигізді.

Абай шығармаларында, алдымен, қазақ ауылындағы ескі әдет-ғұрыптың, феодалдық салт-сананың сыны айтылады, ақын осыған қарсы пікір айтады. Бұл жөнінде прогресті, жаңалықты, мәдениетті жақтап айтқан өлеңдерінен басқа да сол ескі әдет-ғұрыпты, феодалдық-руышылдық әрекеттерді мінеп жазған шығармалары көп. Қазақ ауылындағы ру тартысы, ақсақалдық-феодалдық беделдің ықпалы, барынташылық, үрлық, құлық-сұмдық,

әйел теңсіздігі ислам дінінің шырмауы, қараңғылық, надандық, мінез-құлықтағы ескілікті дәстүрлер феодалдық ауылда өбден орын тепкен жайлар еді. Абай осы айтылғандардың бәріне де қарсы шығып, сынға салды. Ескі тәртіпті қолдаушы қара күштің қолы, дөкір ақсақал билерге қарсы шығып, елді солардың ықпалынан сақтауға шақырды. «Сақалын сатқан қариядан ақылын сатқан бала артық» деп рубасы ақсақал, билердің ежелден келе жатқан бет-пердесіне, беделдеріне тиісті. Сөйтіп, билердің кертарапта әрекеттерінен сақтану үшін жұртқа ой тастап, өмір мәселелерін аталақ жолмен, сақалмен шешпей, ақыл-оймен, өділет-тікпен шешуді жұртқа уағыз қылып айтты.

Бұрынғы феодал-рубасылармен Абай бетпе-бет күреске дейін барды, талай қиян-кескі айтыстарды ақиқатшылдық, турашылдықпен жеңіп шығып жүрді. Абай кекше руынан шыққан, Қаратай бимен айтысқанда бұрынғы заманды оның өдег-ғұрпын өлтіре сынап, феодалдық салттың кертарапалығын өшкөреледі. Қазақ ауылын қараңғылық қысымында ұстауға жөне артта қалуына көп себепкөр болған ислам діні еді, бұл дін қазақ ауылының феодалдық-ақсақалдық өдег-ғұрьыптарымен қаттасып келіп, қазақ халқына рухани қысым жасады. Абай өзінің бірсыныра шығармаларында жылды сөздер арқылы молдаларды ажувалап мінейді. Өмір ісінен, өнерден, ғылымнан ада болып, құр дінкөрлікке, шаригатқа көзсіз бой ұра берушіліктен сақтандырды.

«Молдалар тұрсын, өсіресе бұл заманның ишандарынан сақ болыптар. Бұлардан залалдан басқа еш нәрсе шықпайды», – дейді Абай.

Феодалдық-рушылдық салттың бір өдегі барымта, үрлық еді. Абай өз шығармаларының көп жерінде осы барымташылыққа, үрлыққа қарсы шықты. Абай үрлық, барымташылық жалпы арам іс екенін қаралап өтіп, сол үрлық, барымташылықтың байдан шығатынын да ашып айтады. Шынында да үрлықты, барымтаны жасаушы көбінесе атқамінер қулар мен азғын байлардың өздері болушы еді.

Қазақ ауылының сол кездегі өкімдік, қожалық тұрлери – ес-кі феодалдық-ақсақалдық дәстүрі мен Ресей үкіметі енгізген чиновниктік-бюрократиялық системаның қосындысы. Осы қос қыртысты өкімдік, билік тәртібі ел ісіне қиян-кескі қайшылық-

ты, сүмдық әрекеттерді туғызды, бұрынғы рушылдық тартыстың қазанын қыздыра тұсті. Байлар, атқа мінерлер, патша үкіметінің чиновник правителдері қалың бұқараны сүліктей сорды, ел басына күйзеліс туғызды. Абай езінің көп өлеңдерінде өткір сөз, ашы тілі арқылы осы болыс, билердің, атқамінерлердің мінез-қылыштарын өлтіре сынады. «Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысың» сияқты өлеңдерінде мансап үшін, елді жеу үшін далақтап шауып жүрген болыстар мен алаяқ атқамінерлерді масқаралайды.

Орыс съез шақырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер,
Өз журегін жалғайды.

Қазақ халқын сүліктей сорған «қу старшын, аш билерді» осылай өшкөрелейді Абай. Бұлар патша үкіметінің қазақ елін талау үшін, бұлдіру үшін қойған жалдаптары еді.

Абай осы мәселеге байланысты Ресей үкіметінің отаршылдық әрекеттеріне де тиісе кетеді. Өз халқының ұлттық-азаттық мәселе-сі, Ресей патшалығының қысымынан құтылу мәсесі ұлы ақынның есінен шыққан емес. Ал Абайдың шығармаларында Ресей патшаларының отаршылдық әрекеттеріне наразылық білдірген пікірлерін де кездестіреміз. Ресей үкіметінің ұлықтарына жағым-сақтанып, қазақ халқын талауға салған болыс, әкімдерді сынайды.

Мәз болады болысың,
Арқага ұлық қаққанға.

Өзі ұлыққа,
Қадірі жокқа,

Жылтыратып орысын,
Шенди шекпен жапқанға

Карамай өз халқына.
Сөзді қайырмай

немесе

... Үрысса орыс,
Елге болыс,

Жөнді айырмай,
Жүртқа шабар талпынба.
Үйден үрген итке үқсан...

Қазақ елін талауға, бұліншілікке салған, ел басына селебе түсірген Ресей патшалығының сүмдық әрекеттерін де ескертіп ке-

теді. Бір өлеңінде «қазақты жеген қайратты» ел деп Ресей патшалығын аңғартып қояды, екінші бір өлеңінде былай дейді:

Малыңды жауға,
Басыңды дауға,
Қор қылма,
Қорға, татулас!
Өтірік, үрлік,
Үкімет, зорлық
Құрысың, көзің ашылмас!
Ұятың, арың оянсын
Бұл сөзімді ойлансын.
(Серіз аяқ, 1889 жыл)

Бір жағы патша үкіметі болып, бір жағы ел ішінің атқа мінер-
болыс билері болып халық басына туғызған ауыртпалықты, аңы
зардалты Абай:

Бай алады кезінде көп берем деп,
Жетпей түрган жерінді тек берем деп.
Би мен болыс алады күшін сатып,
Мен қазақтан кегінді ап берем деп.

Жан-жактан талау, шырмауға түскен қазақ халқының күйі
ол кезде осындаид еді, данышпан Абай өзінің ақиқатшыл шығар-
маларында соларды айқын көрсетіп, соларға сын айтып, дабыл
қақты.

Өмір шындығына деген ақиқатшылдық қозқарасты, өз хал-
қына деген қамқорлық ой-пікірді Абай ауылдағы өлеуметтік тең-
сіздік мәселелеріне де бөлді. Көп шығармаларында өз халқының
жалпы теңсіздігін айта келіп, «Күз» деген өлеңінде Абай ауыл-
дағы кедейдің теңсіздігін, кедей бүқарасының күйін суреттейді.
Оған адамгершілік аяныш сезім білдіреді. Сонымен бірге кедейге
зәбір көрсеткен залым байдың пейілін де сынға сала кетеді. Абай-
дың бұл өлеңі тарихи өлеуметтік маңызы жағынан Пушкиннің
«Деревня» деген өлеңін аңғартқандай.

Казақ ауылындағы теңсіздіктің бірі өйел теңсіздігі еді. Феодалдық өдет-ғұрыптан шыққан қалың мал, сүйгеніне бара ал-
маушылық, көрілердің жас қызды малға сатып алып, күш көрсе-

туі Ресей үстемдігі кезінде де баяғы қалыпта болды. Абай қазақ ауылшының осы ескі ата дәстүріне де қарсы шықты. «Бір сұлу қызы тұрыпты хан қолында» деген өлеңінде көрі ханды сүймей, суға құлап өлген қызды жыр қыла келіп, әйел жөніндегі салт-санаға нәлет айтады. Жас әйелдің сүйгеніне баруын, өз басының теңдігін сақтауын арман етеді.

Сән салтанат жұбатпас жас жүректі,
Кімде болса түрғысын көксемекті.
Мезгілі өткен дәүірінді қуалаган,
Негілісін бір картайған қу сүйекті.
Көрі-жас дәурен өзге, тату емес,
Елке көнер ет жүрек сату емес,
Кімде-кім үлкен болса, екі мүшпел,
Мал беріп алғанменен қатын емес.
Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас Құдай үргір.
Біреудің қызын алыш малға сатып,
Баяғыны ізденген қандай құргыр.

Әйел басының азаттығын айту кертартпа заманында аса қиын мөселе еді. Ұлы ақынның бұл өлеңі ауылдағы ескі әдет-ғұрып мөселелеріне көп жерлерде ереуілшіл пікірлерге де барып қалған-дағын корсетеді.

Абайдың негізгі көздеңен мақсаты қазақ халқын қараңғылық, жауыздық дүниенің қысымынан құтқарып, мәдениетті елдердің қатарына қосу, қазақ халқының мәдениет арқылы осіп-оркендеуі, әділеттік, адамгершілік салт-санаға ие болуы еді. Абай осы мақсатты өмір бойы арман етіп өтті. Ресей үкіметінің отаршылдық қысымынан құтылуын көздең, «корған, бірлес» деп ереуілшіл жар салып бір шықса, өз тұсындағы қауымның пейілін түзеймін деп, өз халқын мәдениетпен өркендештеп деп, үгіт-насихат айтып тағы шығады. Алдымен, өз халқының артта қалып қалғандығына қынжылады:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртый,
Үстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май бол енді екі үртყың.

Өмірді қайта жасауда өнер-білімнің зор құрал екенін Абай баса айтады. Шынында да, феодалдық-рушилдық басым болған ауылға, дін мен қарандылық қаптаған ауылға өнер-білімнің енуі үлкен өзгеріс енгізетін күш еді. Өзінің көп шығармаларында Абай халықты өнер-білімге шақырып жар салды. Ресей үкіметінің отаршылдық, әкімшілік өрекеттерін, елді аздыратын сын пейілдерін қатты сынаса да, Абай мәдениеттен, орыстың ұлы адамдарының ашық ой-пікірлерінен қашпады, қайта өзі сол кездегі Ресейдің прогрессіл мәденистінің, асыл ой-пікірлерді қозғаушы аяулы адамдарының рухани досы болды. Сойтіп келіп, Абай қазақ халқын сол мәдениеттен пайдалануға үгіттеді. Феодалдық әдет-ғұрыпты, қарандылықты жақтайдын ескішіл топтарға қарсы шығып, орыстың өнер-ғылымын үйреніндер деп жар салды. «Орыстың ғылымы – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі, орыстың тілін білсөн, көкірек көзің ашылады», – деп насихаттады Абай. Жалпы орыс атаулыдан үріккен және оның мәдениетінен ат тонын ала қашқан кертартпа қауымды мінейді:

Орыс теріс айтпайды,
Жаман бол деп оларды.
Қаны бұзық өзі ойлар,
Кү менен сүм боларды.

Орыс халқының мәдениеті бүкіл адам баласы жасаған мәдениетке апаратын үлкен жол екенін өбден түсіндіріп айтты Абай. Абайдың бұл данышпандық ақыл-өсисті өз түсындағы кертартпа қауымға қарсы үлкен шабуыл болса, бертін келе байшыл-ұлтшылдардың орыс халқы жөніндегі арам пейілдеріне де зор соққы болды, қазіргі заманда бұл пікірдің біздің мақсатымызбен тығыз байланысып жатқандығы өз өзінен түсінікті.

Орыстың өнер-ғылымын үйренуге адамгершілік мақсаттарды қоя келе Абай орыс оқуын окуда шен құмарлық қуып жүргендерді сөгіп былай дейді: «Орыстың ғылымын баласына үйреткен хандар сол арқылы тағы да қазакты аңдысам екен дейді». Немесе мына олеңін алайық:

Ойында жоқ олардың,
Салтыков пен Толстой.

Я тілмашсы, адвокат,
Болсам деген бәрінде ой.

Жемқұмарлықты сөге келіп:

Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнүте, –

дейді де, оқыған жастарды халықта қызмет етуді, Салтыковтар сияқты халық қамын ойлайтын ақылгөй болуды есietті.

Фылым алуға, өнерлі болуға шақыру, өз халқына мәдениетті аңсау, надандықты сөгу – Абай шығармасындағы өзекті мәселе-лер. Ал өнерге үмтүлмаған жастарды Абай өз шығармаларында қатты сөкті. Қазақ жастарына батагөйлік ақыл айтып:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Тетігін тап та бар қалан!

Абайдың бұл данышпандық сөзінің мәнісі жас қауымды өлеу-мет өмірінің саналы қайраткери етуді көздеу еді. Сол арқылы өнерлі, білімді жастарды ескі кертартпа әдет-ғұрыптарға қарсы қою, арауына, беделіне сүйенген ақсақал-білердің, бай-болыстардың дәкірлік істерін ақиқатшылдықпен, ой-парасатпен жөндіру еді.

Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз.
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көніл бөлсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеніз.
Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтсын, бай айтсын –
Ақылменен жеңсеңіз.
Надандарға бой бермей,
Шын сөзбенен өлсеңіз.

Данышпан Абай кертартпа қауыммен күресіп жаңа өспірім, жас буынға ақиқатшылдықты, турашылдықты осылай үтіттейді. Сол арқылы қазақ аулына жаңалық енгізууді көздеді.

Абай өзінің көп шығармаларында білімсіз, еңбексіз жүрген арамтамақтарды, қылжақбас жастарды қатты сынады.

Еңбегі жоқ еппенен мал табам деп,
Сендері алмай сене алмай сенделеді...
Тәуекелсіз, талапсыз мал табылmas,
Еңбек қылmas еріншек адам болmas.
Кұлық, сұмдық, үрлікпен мал жиылmas,
Сүм нәпсің үйр болса, тез тыйылmas.

Адал еңбекпен өнер, қайратпен өмір жасауды насхаттайды. Феодалдық әдетті осылай қатты сынай келе, Абай өз халқын өнерге, еңбекке шақырады.

Абай – қазақ халқының ұлы ақылгойі, қамқор ақыны. Өзінің жүректі тербеткен көркем шығармаларында ескі ой, асыл пікірлер айтып, сол кездегі қазақ қоғамындағы қым-қиғаш қарым-қатынастарға кеменгер төреши, әділ сыншы, жарық жол іздеуші халықтың батагөйі болды. Феодалдық-буржуазиялық салтқа, пейілдерге қарсы шығып, әділеттік, адамгершілік ой-пікір түйіп көтерді. Қараңғылық, жауыздық дүниесіне қарсы шығып, мәдениет дүниесін арман етті. Жан-жақтан қысымға түскен халқының келешегін ойлап қайғырды. Сол шырмаудан құтылу үшін қазақ халқын мәдениетке, прогресске, жауыздыққа қарсы күресуге шақырды. Тар кезеңдегі өзінің асыл ой-пікірлерінің іске аспағандығына, өз халқының қараңғылықта қалғандығына қынжылды:

Адасып аландама жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық қамалмай.
Не ғылым жоқ, не еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал таба алмай.

Кеменгер ақын айтқан түзу жолға шығуға қазақ халқының ол кездегі қоғамдық дамуының сатысы мүмкіндік бермеді. Ресей үкіметі болып ауылдағы болыс, билер болып қалың бұқараны шырмауға салып, қысым дүниесінде тұншықтырды. Ұлы ақынның тамаша идеяларының іске асуына өз заманасты, өз ортасы тұсау салды, ақынның ұлы жанына, ақыл ой-пікірлеріне шабуыл жасады. Соңдықтан Абай шығармасында сол заманнан торығушылық, жалғызыраушылық, мұңаюшылық сарындары туады.

Менсінбеуші едім наданды,
Акылсыз деп көр тұтып.
Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып.
Таппадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып.
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысып.

Ескішілдік әдетіне қарысқан наған болыс, билермен күрескен Абай осыдан келіп жалғыздық қүйін шертеді. Патша Ресейінен түңіліп, қүйікті болған Лермонтовтың басындағы жалғыздық мотиві Абайда да болды. Лермонтовтың осы сарындағы өлеңдерін аударғанда да Абай өз жанының қүйі есебінде, қарандыры қазак даласынан шығарған зар есебінде аударды. Абайдың қайғы-мұнцы сол тұстағы халық басындағы ауыр күннен, зорлықшыл заманың сүмдүк әрекеттерінен туды.

Жүргім менің қырық жамау,
Кияннатшыл дүниеден.
Қайтыш қана қаласың сау,
Қайтқан соң көңіл әр неден, –

деп зорлық, қиянат дүниесіне қарғыс айтты. Алайда Абай өз са-насындағы тәтті қиялдан, ашы арманынан ешқашанда тоқыраған емес, өз халқына ізгі өмірді, әділетшіл кең тұрмысты аңсауды, қараңғылық дүниесіне лағнет айтуды ұлы ақын жад етіп отті.

Абайдың қазақ әдебиеті үшін сіңірген еңбегі аса зор. Абай – біздің жаңа әдебиеттің басы, қазақ поэзиясын кең арнада салушы, біздің жазба әдебиетімізді жоғары көтеруші, аскан ақынымыз. Абай – қазақтың тіл тазалығын сақтап, әдебиет тілін өрістетуші ақын. Абай – қазақтың публицистикалық әдебиетіне негіз салған жазушы. Жалғыз-ақ замана жағдайларына байланысты Абай үлкен роман, драмалар жаза алмай кетті. Алайда Абайдың бізге қалдырған мұрасы үлкен. Абай өлі күнге дейін тенеуі жоқ көп өлеңдер және поэмалар жазып кетті. Пушкиннің, Лермонтовтың данышпандық шығармаларын аударып, оны бізге өнеге қылып кетті. Абай шығармаларында бізге азық болғандай адамгершілік асыл пікірлер бар, біздің сезімімізге тиерліктең аскан сұлулық

сымбаттар, қасиеттер бар. Бұл асыл қазынаның иесі – жаңа заманның адамдары біздерміз. Сол біз жасап отырған социалистік мәдениетке Абай мұрасы да келіп қосылады.

Данышпан ақын болашақ қауымға:

Жүргімнің түбіне терек бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде естім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма! –

деп арыз айтады. Кешегі кер заманда өз халқының өркені, келешегі үшін қайғырып, өділеттік, адамгершілік туын көтерген ұлы ақынның бұл күйін өділетке, мәдениетке ие болып отырған қазақ халқы қастерлей біледі. Қазақ халқы өзінің ұлы ақынның тамаша идеялары мен асқан ой пікірлерін, тамаша шығармаларын зор бағалап, өзіне дос, өзіне серік, өзіне мөңгі өшпейтін мұра етеді.

ТҮСІНІКТЕР

1. Әуезов М. Абайдың өмірбаяны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдышқ шығармалар жинағы. 20-том. Монография мен мақалалар / жауапты шығарушылар: Л. Әуезова, З. Серікқалиев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 26-90-беттер; Абай институтының вебсайты.

2. Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Коммунист. – №9. – 1940. – 27-36-беттер; Абай институтының вебсайты.

3. Бөжеев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. филологияғылымдарының докторы, профессор Нығмет Faабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 209-224-беттер; Абай институтының вебсайты.

4. Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кеменгері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: «Қазбірмемдік» баспасы, 1945. – VII-XXIV беттер; Абай институтының вебсайты.

5. Мұсірепов F. Қазақ әдебиетінің өркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: «ҚазССР FA» баспасы, 1954. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.

6. Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны // Социалистік Қазақстан. – 15 май. – №94 (2859). – 1945; Абай институтының вебсайты.

7. Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы пындық және әлеуметтік теңсіздік мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: проф. Қ.Ж. Жұмалиев Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-том. – Алматы, 1960. – 83-110-беттер; Абай институтының вебсайты.

8. Қаратаев М. Абайды армандасақ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 155-159-беттер; Абай институтының вебсайты.

9. Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA баспасы, 1954. – 162-172-беттер; Абай институтының вебсайты.

10. Тәжібаев Ә. Абай және қазақ лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мақала алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналында басылған, автордың «Өмір және поэзия» кітабында жарық көрген. Мақала ақынның бес томдышқ шығармалар жинағының төртінші томында жарияланған басылымы бойынша берілді: Тәжібаев Ә. Бес томдышқ шығармалар жинағы. 4-том. – Фылыми еңбектер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 26-58-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Бекхожин Х. Абай және «Дала уалаяты». Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 355-364-беттер; Абай институтының вебсайты.

12. Мұқамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Мұхамедханов Қ. Қөп томдышқ шығар-

малар жинағы. I том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Алаш, 2005; Абай институтының вебсайты.

13. Омаров І. Ата сөзі. Баспасөзде жарияланған: Омаров І. Өмір мен өнер (очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер) / құраст. Қ. Құрманғали. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖПС, 2012. – 286-291-беттер.

14. Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев. Баспасөзде жарияланған: Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу куралы / құраст., алғы сөзін жазған Т. Қоңыратбаев. – Алматы: Санат, 1994. – 147-167-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМУНЫ

Әуезов М. Абайдың өмірбаяны	3
Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны	68
Бәжесев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында	85
Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері	103
Мұсірепов Ф. Қазақ өдебиетінің оркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орны	119
Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны	127
Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы шындық және өлеуметтік тенсіздік мәселелері.....	143
Қаратаяев М. Абайды армандасан.....	163
Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы.....	168
Тәжібаев Ә. Абайдың лирикасы	178
Беккожин Қ. Абай және «Дала уалаяты»	203
Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында	213
Омаров I. Ата сөзі	235
Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев	240
Түсініктер.....	261

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
II том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *G. Рустембекова*
Компьютерде беттеген және
мұқабаны безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8549

Басуға 06.10.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 16,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №1507.
Таралымы 50 дана. Багасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.